ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 шілде №7119-24-00-2/8385 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Ебенбаева,
сот отырысының хатшысы Л.Б.Мамырғажының қатысуымен,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеумен қойылған талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Тулебаев» дара кәсіпкері,
«Танырберген» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР (телефон жүйесі арқылы)**:**
Талап қоюшы өкілі К.Б.Мухаметжанов,
Жауапкер Ә.Ғ.Танырберген,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 17 сәуірде «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (әрі қарай – Кәсіпорын, тапсырыс беруші) мен «Тулебаев» дара кәсіпкері (әрі қарай – «Тулебаев» ДК) арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №6/481 шарт (әрі қарай – шарт 1) бойынша «Тулебаев» ДК Кәсіпорынға 500 000 теңгеге теңіз кемесі бар контейнерді бекітуге арналған, конусты құлып (әрі қарай – тауар 1) жеткізуге міндеттенген.

Шарт 1 талаптарына сәйкес тауар 1 жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн. 2024 жылғы 13 мамырда өтінім жіберілген, яғни тауар 1 жеткізу мерзімі 2024 жылғы 28 мамыр. Алайда тауар 1 жеткізілмеген.

2024 жылғы 14 маусымда шарт 1 міндеттемелері тиісінше орындалмағаны үшін біржақты тәртіппен бұзылған.

2024 жылғы 13 мамырда Кәсіпорын мен «Танырберген» дара кәсіпкері (әрі қарай – «Танырберген» ДК) арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №6/683 шарт (әрі қарай – шарт 2) бойынша «Танырберген» ДК Кәсіпорынға 1 560 000 теңгеге муфта (әрі қарай – тауар 2) жеткізуге міндеттенген.

Шарт 2 талаптарына сәйкес тауар 2 жеткізу шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн, яғни тауар 2 жеткізу мерзімі 2024 жылғы 28 мамыр. Алайда тауар 2 жеткізілмеген.

2024 жылғы 12 маусымда шарт 2 міндеттемелері тиісінше орындалмағаны үшін біржақты тәртіппен бұзылған.

Талап қоюшы жауапкерлерді шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандығына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды толық қолдап, жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тануды сұраған.

«Танырберген» ДК сотқа пікір жолдаған жоқ. Алайда құжаттар жолдап, онда басқа шарт бойынша міндеттерін орындағанын көрсетіп, талап қоюды мойындамай, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Жауапкер «Танырберген» ДК сот отырысында талап қоюды толық мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы хабарлама арқылы жауапкер «Тулебаев» ДК ескертілген. Алайда соңғы сот отырысына, оған дейін алдын ала сот отырысына да қосылмады.

Осыған орай, сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай –АПК) 196-бабына сәйкес азаматтық істі жауапкер «Тулебаев» ДК қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12, 46-баптарына сай, мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 31.07.2024
Дата вступления в законную силу: 10.09.2024, судья Шамшильдин Т., 19.09.2024
7119-24-3-1/7772

сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

АПК-нің 15-бабына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады. Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және соттан және іске қатысатын басқа да адамдардан тәуелсіз таңдайды. Сот шешімді әрбір тарапқа бірдей негіздерде зерттеуге қатысуды қамтамасыз еткен дәлелдемелерге ғана негіздейді.

Сотта Кәсіпорын мен жауапкерлер арасында шарт 1 және шарт 2 жасалғаны анықталды.

Шарттардың қолданыс мерзімдері 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін. Шарттардың №1 қосымшаларында тауардың сипаттамасы, саны және жеткізу мерзімі көрсетілген.

Шарт 1 және шарт 2 бойынша тауарлар жеткізілмеген. Жауапкерлер шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған.

Сотта «Танырберген» ДК, талапты мойындамай, Кәсіпорынмен «Танырберген» ДК арасында 2024 жылғы 25 маусымда басқа №6/1050 шарт (әрі қарай – шарт 3) жасалғанын, ол бойынша соңғы тауар 2 жеткізгенін, тұрақсыздық айыппұлды төленгенін көрсетті. Уәждерін дәлелдейтін құжаттарды сотқа ұсынды.

Сот жауапкер «Танырберген» ДК пікірін негізді деп санап, назарға алады.

Себебі, Кәсіпорын «Танырберген» ДК-нің сотқа тапсырған дәлелдемелеріне қарсы дәлел келтірмеді. Яғни 2024 жылғы 25 маусымда талап қоюшы мен жауапкер «Танырберген» ДК шарт 3 жасалған. Шарт 2 бойынша жеткізу керек болған тауар 2 «Танырберген» ДК шарт 3 бойынша жеткізген.

АК-нің 349-бабына сай міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

АК-нің 349-бабына сәйкес, «Танырберген» ДК міндеттемені тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмай тұрғаны жайлы талап қоюшыға дереу хабарлаған. Веб-порталда ұсынылған хабарламалар оған дәлел.

Дауды қарағанда сот «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 8-тармағын ескереді. Онда мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 31.07.2024

Дата вступления в законную силу: 10.09.2024, судья Шакирдин Т., 19.09.2024

7119-24-3-1/7772

бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Тапсырыс берушіге жағымсыз салдар туындаған жоқ. Залал келтірілмеген. Өйткені жауапкер «Танырберген» ДК шарт 3 бойынша тауар 2, аз сомаға 1 435 988 теңге жеткізіп берген.

Талап қою заңмен қарастырылған мерзімде сотқа жолданған.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды шарт 1 орындалмауына байланысты бұзылғанын негізге алып, талап қоюшының жауапкер «Тулебаев» ДК мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді болып табылады және қанағаттандырылуы қажет деген тұжырымға келеді.

Жауапкер «Танырберген» ДК кейін шарт 3 бойынша Кәсіпорынға тауарды жеткізгенін, оны талап қоюшы қабылдағанын және тұрақсыздық айыбын төлегенін ескеріп, жауапкер «Танырберген» ДК мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қанағаттандырудан бас тартылуы қажет деп санайды.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес жауапкер «Тулебаев» ДК-нен мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«Тулебаев» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Тулебаев» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Танырберген» дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 31.07.2024

Дата вступления в законную силу: 10.09.2024, судья Шамшидин Т., 19.09.2024

жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырудан - бас тартылсын.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 31.07.2024

Дата вступления в законную силу: 19.09.2024, судья Шамшилдин Т., 19.09.2024

7119-24-3-1/7772